Бизнес-пользователи должны обратиться к своему поставщику и ознакомиться с условиями договора купли-продажи. Запрещается утилизировать изделие и его электронные аксессуары вместе с другими производственными отходами.

Russian



Подлежит использованию по назначению в нормальных условиях
Рекомендуемый период : 7 лет

Связывайтесь с SAMSUNG по всему миру

Если у вас есть предложения или вопросы по продукции Samsung, обращайтесь, пожалуйста, в информационный центр компании Samsung.

117105 Россия, Москва, Варшавское шоссе д.26

8-800-555-55-55

www.samsung.ru

Изготовитель : Самсунг Электроникс Поланд Мануфактуринг, 64-510, Ул.

Мицкевича 52, Вронки, Польша

Поставщик : ООО "Самсунг Электроникс Рус Компани",

125009 Россия, Москва, ул. Воздвиженка, 10, 4-й этаж



SEKZ
SERC

RL63*
RL60*
RL59*
RL58*
RL56*
RL53*

Тоңазытқыш

Пайдаланушы нұсқаулығы

ҚАЗАҚША

Мүмкіндіктеріңізді елестетіп көріңізші...

Samsung өнімін сатып алғаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз.

Толық көлемді қызмет көрсетуге ие болу үшін жаңа
тоңазытқышыңызды

<http://www.Samsung.ru> веб-сайтына тіркеңіз.

SAMSUNG

Дара орнатылатын тұрмыстық құрал.

Қауіпсіздік туралы ақпарат

	Символ Кедендік одақтың 005/2011 техникалық регламентіне сәйкес қолданылады және осы өнімнің қаптамасын екінші рет пайдалануға арналмағанын және жоюға жататынын көрсетеді. Осы өнімнің қаптамасын азық-түлік өнімдерін сақтау үшін пайдалануға тыйым салынады.
	Символ қаптаманы жою мүмкіндігін көрсетеді. Символ сандық код және/немесе әріп белгілері түріндегі қаптама материалының белгісімен толықтырылуы мүмкін.

ҚАУІПСІЗДІК АҚПАРАТЫ

- Құрылғыны қолданбас бұрын бұл нұсқаулықты мұқият оқып шығып, кейінірек қолдану үшін оны құрылғының жанына қауіпсіз жерге сақтап қойыңыз.
- Осы пайдалану нұсқаулығында сипатталғандай, бұл құрылғыны тек арналған мақсатына пайдаланыңыз. Мүмкіндігі шектеулі, көру қабілеті нашар немесе ақыл-ойы жетіспейтін немесе тәжірибесі мен білімі жоқ

адамдарды (оның ішінде балаларды) қауіпсіздігіне жауап беретін адамның құрылғыны пайдалануға бақылау жасамауынан немесе үйретпейінше, оларға бұл құрылғыны пайдалануға болмайды.

- Бұл нұсқаулықтағы ескертулер мен маңызды қауіпсіздік нұсқаулары барлық орын алуы мүмкін жағдайларды қамтымайды. Құрылғыны орнату, жөндеу және пайдалану кезінде сақтық және күтім беру шараларын пайдалану сіздің жауапкершілігіңізге кіреді.
- Мына пайдалану нұсқаулары әр түрлі модельдерді қамтитындықтан, тоңазытқышыңыздың техникалық сипаттамалары бұл нұсқаулықта берілгендерден аздап ерекшеленуі мүмкін және барлық ескерту белгілері қолданылмауы мүмкін. Егер сұрақтарыңыз болса немесе қиындық туындаса, жергілікті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе www.samsung.com сайтынан онлайн желісінде анықтама мен ақпарат іздеп табыңыз.

Қауіпсіздіктің ескерту белгілері мен сақтандыру шаралары:

 НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ	Дұрыс пайдаланбау ауыр жарақаттануға немесе өлімге әкеп соғуы мүмкін.
 АБАЙЛАҢЫЗ	Дұрыс пайдаланбау жарақаттануға немесе мүліктің бұзылуына әкеп соғуы мүмкін.
	Бұл әрекетті істеуге тыйым салынған.
	Бөлшектеуге БОЛМАЙДЫ.
	Ұстауға БОЛМАЙДЫ.
	Нұсқаулықты қатаң ұстаныңыз.
	Қуат алатын шнурдың айырын розеткадан суырыңыз.
	Электр тогымен зақымданбас үшін құрылғының жерге қосылғанына көз жеткізіңіз.
	Анықтама алу үшін қызмет көрсету орталығына жүгініңіз.
	Ескерту.

Бұл шартты белгілер мен олардың мағыналары құрылғыны пайдаланушыларды жарақат алудан алдын ала

сақтандыруға арналған. Нұсқаулықты мұқият ұстаныңыз.

Осы құжатпен танысқаннан кейін, оны келешекте пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

ЕО талаптарына сәйкестік туралы хабарлама

Бұл өнімнің Еуропалық одақтың №643/2009 ережесі бойынша қабылданған Төмен кернеу стандартына (2006/95/ЕС), Электрмагнитті сыйысымдылық стандартына (2004/108/ЕС), ДжҚ стандартына (2011/65/EU), Комиссия стандартына (EU) № 1060/2010 және Эко-дизайн стандартына (2009/125/ЕС) сәйкестігі анықталған. (Еуропалық одақта сатылатын өнімдер үшін)

ТАСЫМАЛДАУҒА ЖӘНЕ ОРНАЛАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН КҮРДЕЛІ ЕСКЕРТУ ШАРАЛАРЫ

-  • Құрылғыны тасымалдағанда және орнатқанда, тоңазытатын тізбектің ешқандай бөлшегінің зақымдалмауына көңіл бөлу керек.
- R600a немесе R134a салқындатқыш құрал

Қауіпсіздік туралы ақпарат _3

ретінде пайдаланылады.

Тоңазытқышқа

пайдаланылған

салқындатқыш құралды көру үшін құрылғының артындағы компрессор жапсырмасын немесе тоңазытқыштың ішкі жағындағы сипаттамалық тақтаны қараңыз.

- Бұл құрылғыда тез тұтанатын газ (R600a салқындатқыш құралы) болғанда,

- Түтіктен аққан салқындатқыш құрал көзді күйдіруі немесе жарақаттауы мүмкін. Егер аққан жерін анықтасаңыз, ашық оттардан немесе күйіп кету қаупі бар жерлерді алыс ұстап, құрылғы тұрған бөлмені бірнеше минут желдетіп алыңыз.

- Салқындату тізбегінен газ шыққан жағдайда тез тұтанатын газ бен ауаның араласуына жол бермеу үшін құрылғы орнатылуы мүмкін бөлменің өлшемдері пайдаланылатын салқындатқыш құралдың көлеміне байланысты болады.

- Зақымдалған белгілері бар құрылғыны ешқашан қоспаңыз. Күмәніңіз болса, делдалға хабарласыңыз. Тоңазытқыш орналастырылатын бөлме өлшемі бойынша

құрылғыдағы R600a

салқындатқыш құралының

әрбір 8 г-на

1 м³ болуы керек. Белгілі бір

құрылғыдағы салқындатқыш

құралының мөлшері

құрылғыдағы сипаттамалық

тақтада көрсетілген.

- Егер құрылғыда изобутан салқындатқыш құралы (R600a) болса, сыйымдылығы жоғары табиға газ да, дегенмен, тез тұтанғыш болады. Құрылғыны тасымалдағанда және орнатқанда, тоңазыту циклындағы бөлшектердің зақымдалмағанына көз жеткізу үшін күтім жасау керек.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

ОРНАТУҒА

АРНАЛҒАН

КҮРДЕЛІ ЕСКЕРТУ

ШАРАЛАРЫ



- Құрылғыны ылғал, майды немесе шаң жерге, күн сәулесі тіке түсетін және су (жаңбыр тамшылары) тиетін жерге қоймаңыз.
- Электр бөлшектерінің дұрыс изоляцияланбауы электр тогының соғуына немесе өрттің шығуына себеп болуы мүмкін.
- Бұл тоңазытқышты күн сәулесі тіке түсетін жерге

- қоймаңыз немесе пештерден, бөлме қыздырғыштарынан немесе басқа құрылғылардан бөлінетін ыстық көзіне жақын орналастырмаңыз.
- Бірнеше құрылғыны бір розеткаға қоспаңыз. Тоңазытқышты әрдайым техникалық сипаттамасына сәйкес келетін кернеуі бар электр розеткасына жеке қосу керек.
 - Осылайша жұмыс өнімділігін арттырып, қызып кеткен сымдардан өрттің шығуы мүмкін болғандықтан, үйдегі сым желілеріне шамадан тыс күш салуға жол бермейді. Егер қабырғадағы розетка тар болса, электр ашасын сұқпаңыз.
 - Электр тогының соғу немесе өрттің шығу қаупі бар.
 - Бойында немесе ұшында жарылған немесе зақымдалған жерлері бар шнурды пайдаланбаңыз.
 - Электр шнурын қатты майыстырмаңыз немесе оның үстіне ауыр заттар қоймаңыз.
 - Тоңазытқыштың жанында аэрозольдар пайдаланбаңыз.
 - Тоңазытқыш жанында пайдаланылған аэрозольдар жарылуға немесе өрттің шығуына себеп болуы мүмкін.
 - Құрылғыны газ

шығуы мүмкін жерге орналастырмаңыз.

- Оның салдарынан электр тогының соғуы немесе өрттің шығуы мүмкін.

-
- ★ • Бұл құрылғыны білікті техника маманы немесе сервистік компания орнатуына немесе жөндеуіне кеңес беріледі.
 - Олай етпеген жағдайда, электр тогының соғуы, өрттің шығуы, жарылуы, өнімнің бұзылуы немесе адамның жарақаттануы мүмкін.
 - Бұл тоңазытқыш пайдаланылмай тұрып, нұсқаулыққа сәйкес дұрыс орнатылуы және орналастырылуы керек.
 - Электр шнурын төмен қарай салбыратып, дұрыстап жалғаңыз.
 - Егер электр ашасының төменгі жағын жоғары қаратып жалғасаңыз, сымы қиылып, өрттің шығуына не электр тогының соғуына себеп болуы мүмкін.
 - Электр шнурының тоңазытқыш қысып қалмағанына немесе зақымдамағанына көз жеткізіңіз.
 - Тоңазытқышты қозғалтқанда, электр шнурын басып қалмаңыз немесе зақымдап

Қауіпсіздік туралы ақпарат _5

алмаңыз.

- Оның салдарынан өрт шығады.
- Құрылғыны орналастырғаннан кейін, шнурына қол жеткізу оңай болуы керек.



- Тоңазытқышты жерге қосу керек.
- Электр тогының қашуына немесе тоңазытқыштан токтың қашуынан болатын ток соғу әрекеттеріне жол бермеу үшін тоңазытқышты жерге қосу керек.
- Газ түтіктерін, телефон желілерін немесе сол сияқты найзағай қадаларын жерге қосуға пайдаланбаңыз.
- Жерге қосатын ашаны дұрыс пайдаланбау салдарынан электр тогының соғуы мүмкін.



- Егер электр шнуры зақымдалса, оны өндірушіге немесе қызмет көрсету орталығының маманына ауыстыртып алыңыз.
- Тоңазытқыштың сақтандырғышын білікті техникалық маман немесе қызмет көрсетуші компания ауыстыруы керек.
- Оны орындамау салдарынан электр тогының соғуы немесе адамның жарақаттануы мүмкін.

6_ Қауіпсіздік туралы ақпарат

- Орама материалдарын алғаннан кейін кез келген зақым табылса, қызмет көрсету орталығымен хабарласыңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

ОРНАТУҒА АРНАЛҒАН САҚТАНДЫРУ ШАРАЛАРЫ



- Құрылғының желдетілетін жерлерінде немесе орнату құрылымында кедергілер болмасын.
- Орнатқаннан кейін құрылғы 2 сағат тұрсын.



НАЗАР АУДАРҢЫЗ

ПАЙДАЛАНУҒА АРНАЛҒАН КҮРДЕЛІ ЕСКЕРТУ ШАРАЛАРЫ



- Электр шнурын су қолыңызбен ұстамаңыз.
- Құрылғының үстіне заттар қоймаңыз.
- Есігін ашқанда немесе жапқанда, ішіндегі заттар құлап, адамды жарақаттауы және/немесе материалдық шығын келтіруі мүмкін.
- Су толтырылған ыдыстарды тоңазытқыштың үстіне қоймаңыз.
- Егер төгіліп кетсе, өрт шығуы немесе электр тогының соғуы мүмкін.
- Балаларды есігіне асылдырмаңыз.
- Олай істемеген жағдайда,

адам күрделі жарақат алуы мүмкін.

- Тоңазытқыш қараусыз болғанда тоңазытқыштың есіктерін ашық қалдырмаңыз және балаларды тоңазытқыштың ішіне кіргізбеңіз.
- Сәбилерді не балаларды мұздатқыш тартпасын кіргізбеңіз.
- Бензин, ерітінді, алкоголь, эфир немесе қысылған газ сияқты ауыспалы немесе тез тұтанатын заттарды тоңазытқышта сақтамаңыз.
- Мұндай өнімдерді сақтау жарылуға себеп болуы мүмкін.
- Төмен температураға шыдамайтын фармацевтикалық өнімдерді, ғылыми материалдарды немесе төмен температураға шыдамайтын өнімдерді тоңазытқышта сақтамаңыз.
- Қатаң температураны қажет ететін өнімдер тоңазытқышта сақталмауы керек.
- Өндіруші ұсынған болмаса, электр құрылғыны тоңазытқышқа қоймаңыз немесе пайдаланбаңыз.
- Тоңазытқыштың ішін кептіру үшін шаш кептіргішті пайдаланбаңыз. Жағымсыз иістерді кетіру үшін жағылған балауызды

тоңазытқышқа қоймаңыз.

- Оның салдарынан электр тогының соғуы немесе өрттің шығуы мүмкін.
- Мұздатқыштың қабырғаларына немесе мұздатқышта сақталған өнімдерге су қолыңызбен тиіспеңіз.
- Оның салдарынан қолыңызды мұздатып алуыңыз мүмкін.
- Еріту процесін жылдамдату үшін механикалық құрылғыларды немесе өндіруші ұсынғандарынан басқа құралдарды пайдаланбаңыз.
- Салқындату циклын бүлдірмеңіз.

-
- ★ • Бұл бұйым тұрмыста тек тағам сақтауға арналған.
- Бөтелкелер бір-біріне жақын қойылуы керек, сонда олар құлап кетпейді.
 - Газ (пропан, төмен қысымды газ, т.б.) шыққан жағдайда қуат ашасына тиіспей, бірден желдетіңіз. Құрылғыға немесе электр шнурына тиіспеңіз.
 - Желдеткішті пайдаланбаңыз.
 - Ұшқын жарылысқа не өрттің шығуына себеп болуы мүмкін.
 - Өндіруші немесе қызмет көрсетуші маман қамтамасыз еткен жарық

Қауіпсіздік туралы ақпарат _7

диодты шамдарды ғана пайдаланыңыз.

- Балалардың құрылғымен ойнап жатпағанына және/немесе оған мініп алмағанына көз жеткізу үшін оларды қадағалап отыру керек.



- Тоңазытқышты өзіңіз бөлшектемеңіз немесе жөндемеңіз.

- Өрттің шығуына, дұрыс істемей қалуына және/немесе адамның жарақаттануына себеп болуы мүмкін.

Дұрыс істемеген жағдайда қызмет көрсетуші маманға хабарласыңыз.



- Егер құрылғыдан бір түрлі дыбыс, күйген иіс немесе түтін шықса, дереу электр шнурын суырып, жергілікті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Орындамау салдарынан электр тогының соғуына немесе өрттің шығуына себеп болуы мүмкін.
- Егер шамды ауыстырған жағдайда қиындық туындаса, қызмет көрсетуші маманға хабарласыңыз.
- Егер бұйым жарық диодты шаммен жабдықталса, шамның қақпағы және

жарық диодты шамды өзіңіз шешпеңіз.

- Қызмет көрсетуші маманға хабарласыңыз.
- Егер тоңазытқышта шаң немесе су болса, электр шнурын суырып, Samsung Electronics қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Өрт шығу қаупі бар.



АБАЙЛАҢЫЗ

ПАЙДАЛАНУҒА АРНАЛҒАН САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ



- Бұйымның жақсы жұмыс істеуіне мүмкіндік беру үшін - Құрылғының артындағы жел кіретін тесіктердің алдына тағамдарды тым жақын қоймаңыз, себебі тоңазытқыш бөлімінде ауаның еркін айналуына кедергі болуы мүмкін.
- Тоңазытқышқа тағам салмас бұрын оны жақсылап ораңыз немесе ауа кірмейтін ыдыстарға салыңыз.
- Мұздату үшін жаңадан салынған тағамды бұрыннан тұрған тағамның жанына қоймаңыз.
- Көмірқышқыл газына толы немесе галдалған сусындарды мұздатқыш бөлімге қоймаңыз. Бөтелкелерді немесе шыны ыдыстарды

- мұздатқышқа қоймаңыз.
- Ішіндегісі қатқанда, шыны сынып, адамды жарақаттауы немесе мүлікті бүлдіруі мүмкін.
 - Тоңазытқыштың функцияларын ауыстырмаңыз немесе өзгертпеңіз.
 - Ауыстыру немесе өзгерту салдарынан адамның жарақаттануы және/немесе мүліктің бүлінуі мүмкін. Бұл толық құрылғыда 3-ші тарап жасаған өзгертулер не Samsung кепілдігінде қамтылмайды, не Samsung компаниясы 3-ші тарап өзгертулерінен келген қауіпсіздік мәселелірен және зақымдарына жауап бермейді.
 - Ауа тесіктерін жаппаңыз.
 - Егер ауа тесіктері, әсіресе, пластикалық сөмкемен жабық болса, тоңазытқыш салқындамауы мүмкін. Егер салқындау уақыты ұзақ болса, су сүзгісі бүлініп, соның салдарынан су аққан болуы мүмкін.
 - Мұздату үшін жаңадан салынған тағамды бұрыннан тұрған тағамның жанына қоймаңыз.
 - Мұздатылған тағамдардың максималды сақтау уақытын және жарамдылық мерзімдерін көріп алыңыз.

- Жәндіктерге қарсы құралдар сияқты ұшатын затты құрылғының бетіне шашпаңыз.
- Сондай-ақ, ол адамдарға зиян келтіре отырып, электр тогының соғуына, өрттің шығуына немесе бұйымға қиындықтар тудыруы мүмкін.
- Есігін ашқанда, өзіңізді жарақаттап алмаңыз.



ТАЗАЛАУҒА ЖӘНЕ ЖӨНДЕУГЕ АРНАЛҒАН САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

- ★ • Тоңазытқыштың ішіне не сыртына суды тікелей сеппеңіз.
- Өрт шығу немесе электр тогының соғу қаупі бар.
- Тез тұтанатын спрейлер, тез тұтанатын заттар, құрғақ мұз, дәрі-дәрмек немесе химиялық заттар сияқты температураға сезімтал заттарды тоңазытқыштың жанында пайдаланбаңыз немесе қоймаңыз. Ұшатын немесе тез тұтанатын заттарды (бензин, ерітінді, пропан, т.б.) тоңазытқышта сақтамаңыз.
- Бұл тоңазытқыш тек тағамдар сақтауға арналған.
- Оның салдарынан өрттің шығуы не жарылыс орын

Қауіпсіздік туралы ақпарат _9

- алуы мүмкін.
- Тазалағыш заттарды дисплейге тікелей сеппеңіз.
 - Дисплей басып шығарылған әріптер өшіп қалуы мүмкін.
 - Электр шнуры ашаларының шаңын немесе басқа да заттарын кетіріңіз. Бірақ ашаны тазалағанда су не дымқыл шуберекті пайдаланбаңыз, электр шнуры ашаларының шаңын немесе басқа да заттарын кетіріңіз.
 - Әйтпесе, өрт шығу немесе электр тогының соғу қаупі бар.



- Тазалау және жөндеу жұмыстарының алдында тоңазытқышты ажыратыңыз.
- Ұзақ уақыт пайдаланылмайтын болса, қуатты өшіріп құрылғының ішін тазалаңыз да, есігін ашып қойыңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

ҚОҚЫСҚА ТАСТАУҒА АРНАЛҒАН КҮРДЕЛІ ЕСКЕРТУ ШАРАЛАРЫ



- Құрылғының артындағы түтіктердің ешқайсысының қоқысқа тастағанға дейін зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.
- R600a немесе R134a

салқындатқыш құрал ретінде пайдаланылады. Тоңазытқышқа пайдаланылған салқындатқыш құралды көру үшін құрылғының артындағы компрессор жапсырмасын немесе тоңазытқыштың ішкі жағындағы сипаттамалық тақтаны қараңыз. Бұл бұйымда тез тұтанатын газ (R600a салқындатқыш құралы) болғанда, бұл бұйымды қоқысқа қауіпсіз тастау үшін жергілікті билік органына хабарласыңыз. Циклопентан изоляциялық үрлейтін газ ретінде пайдаланылады. Изоляциялық материалдағы газдарға арнайы қоқысқа тастау процедурасы қажет. Бұл бұйымды экологиялық жағынан қауіпсіз етіп тастау үшін жергілікті билік органдарына хабарласыңыз. Құрылғының артындағы түтіктердің ешқайсысының қоқысқа тастағанға дейін зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Түтіктер ашық жерінен сынып кетеді.

- Бұл бұйымды немесе басқа тоңазытқыштарды қоқысқа тастағанда, есігін, есік тығыздағышын, есік топсасын алып тастаңыз, сонда кішкентай балалар немесе

жануарлар ішінде қалып қалмайды.Балалардың ішіне кіре алмауы үшін сөрелерін қалдырыңыз.Балалардың ескі құрылғымен ойнап жатпағанына көз жеткізу үшін оларды қадағалау керек.

- Бұл бұйымның қорап материалын экологияға зиян келтірмейтін жолмен тастаңыз.

ДҰРЫС ПАЙДАЛАНУҒА АРНАЛҒАН ҚОСЫМША КЕҢЕСТЕР

- Электр ақауы орын алған жағдайда жергілікті электрмен қамтамасыз етуші компнаияға хабарласып, қанша уақытқа созылатынын сұраңыз.
- Бір не екі сағат ішінде қалпына келтірілетін ақаулар тоңазытқыш температураларына әсер етпейді.Дегенмен, өшірулі кезде есіктің ашылуын азайту керек.
- Электр ақауы 24 сағаттан асатын жағдайда, барлық мұздатылған тағамды шығарыңыз.
- Егер тоңазытқышпен бірге кілттер берілсе, кілттерді балалардың қолы жетпейтін жерде ұстау керек, бірақ құрылғыға жақын болмауы керек.

- Тоңазытқышқа арналған ең суық температурадан төменіне ұзақ уақытқа қойылғанда құрылғы тұрақты істемеуі мүмкін (тоңазытқыштағы температураның тым жылынып кетуі мүмкін).
- Банан, қауын сияқты төмен температурада тез бұзылатын тағамды сақтамаңыз.
- Құрылғыңыз оңай ериді, ол автоматты түрде орындалатындықтан, құрылғыңызды қолмен ерітудің қажет жоқ дегенді білдіреді.
- Еру кезінде температураның көтерілуі ISO талаптарына сай болуы керек.Егер құрылғыны еріткен кезде мұздатылған тағам температурасын бірден көтерткіңіз келмесе, мұздатылған тағамды бірнеше қабат газетпен ораңыз.
- Еріту кезіндегі мұздатылған тағам температурасының көтерілуі оны пайдалану мерзімін қысқартуы мүмкін.

Электр энергиясын үнемдеу бойынша кеңестер

- Тоңазытқышты жеткілікті дәрежеде желдетілетін салқын, құрғақ бөлмеге орнатыңыз. Оған күн сәулесінің тікелей түспегендігін қамтамасыз етіңіз және оны тікелей жылу көздерінің жанына орнатпаңыз (мысалы, жылыту батареялары).
- Тоңазытқыштың тесіктерін немесе шарбақтарын ешқашан жаппаңыз.
- Жылы тағамды тоңазытқышқа салмас бұрын бөлме температурасына дейін суытып алыңыз.
- Мұздатылған азық-түліктерді еріту үшін тоңазыту камерасына салыңыз. Бұл жағдайда сіз мұздатылған азық-түліктің төмен температурасын тоңазыту камерасындағы азық-түліктерді суыту үшін қолдана аласыз.
- Тоңазытқышқа азық-түлікті салу немесе одан азық-түлікті алу кезінде оның есігін ұзақ уақыт ашып қоймаңыз. Есік барынша сирек ашылса, мұздату камерасында мұздың қатуы да барынша аз болады.
- Тоңазытқыштың артқы жағын ұдайы тазартып

отырыңыз.

Шаң электр энергиясын тұтынуды арттырады.

- Температураны қажетті деңгейден төмен қоймаңыз.
- Тоңазытқыштың асты мен артқы жағында ауа алмасуы үшін жеткілікті орын қалдыру керек. Желдету тесіктерін жаппаңыз.
- Тоңазытқышты орнату кезінде оң, сол, артқы және үстіңгі жақтарынан саңылау қалдырыңыз. Бұл сіздің электр энергиясын тұтынуыңызды азайтады және осыған сәйкес электр энергиясына төлем сомасын да азайтады.

Мазмұны

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ОРНАТУ	13
ТОҢАЗЫТҚЫШПЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ	17
АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ	21


Тоңазытқышты орнату

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ОРНАТУҒА ДАЙЫНДАУ


Samsung тоңазытқышын сатып алуыңызбен құттықтаймыз. Сіз озық ұсыныстарымыздың рақатын көреді деп үміттенеміз.

Тоңазытқышқа ең оңтайлы орын таңдау

- Күн көзі тікелей түспейтін орын.
- Тегіс (немесе тгс дерлік) еденді орын.
- Тоңазытқыштары еркін ашылуына жеткілікті бос кеңістігі бар орын.
- Ауа айналымы болуы үшін оң, сол, артқы және үстіңгі жағынан жеткілікті бос орын қалдырыңыз.
- Тоңазытқыш жеткілікті бос орынға қойылмаса, ішкі салқындату жүйесі тиісінше жұмыс істемеуі мүмкін.
- Техникалық қызмет немесе қызмет көрсету жағдайында құралдың еркін жылжуына көз жеткізіңіз.



орнату _13



- Өнімнің биіктігі үлгісіне байланысты әртүрлі болуы мүмкін.
- Орнату кезінде оң, сол, артқы және үстіңгі жағынан ашық орын қалдырыңыз. Бұл көрек тұтынуды азайтып, қуат есебі көрсеткішінің төмен болуына көмектеседі.
- Тоңазытқышты температурасы 50 °F (10 °C) деңгейінен төмен орындарға орнатуға болмайды.

ЕСІКТІ САЛУ

Тоңазытқыштың есігін ауыстырар алдында, тоңазытқыштың ашасын суырыңыз. Samsung есіктің ашылатын жағын ауыстыру жұмысын тек Samsung сертификаттаған қызмет көрсету орталығына тапсыруды ұсынады. Бұл қызметтің ақысын тұтынуды төлейді.



Есіктің ашылатын жағын ауыстыру барысында орын алған ақау құрылғының өндіруші тарапынан берілген кепілдігіне жатпайды. Осындай жағдайда, кез келген жөндеу жұмыстарының төлемақысын құрылғыны пайдаланушы төлейді.


1. Тоңазытқыштың есіктерін орындарына салмас бұрын тоңазытқыштың ток көзінен ажыратылғанына және құрылғының іші барлық тағамнан босатылғанына көз жеткізіңіз.
2. Егер сатып алушы пайдалану нұсқаулығындағы нұсқауды орындауға сенімсіз болса, бұл өзгерісті енгізу үшін Samsung компаниясының білікті инженеріне хабарласу керек.
3. Есіктерін орындарына салғаннан кейін тоңазытқышты ток көзіне қоспай, кемінде бір сағат күтіңіз.

Қажетті құралдар


Ұсынылмаған		
Төрт қырлы бұрауыш (+)	Жалпақ басты бұрауыш (-)	10 мм жанама кілт (болттарға арналған)
Ұсынылмаған		Қосымша бөлік
11 мм кілт (топса білігіне арналған)	3/16 дюйм эмбебап кілт (орташа топсаға арналған)	Жоғарғы сол жақ топса қаптамасы (Қаппақ топсасының астынан)

14_ орнату


1. Шарнир қақпағының алып тастап, датчикті оң жақ топса қақпағынан ажыратыңыз.




2. Болттарды (1) алып тастаңыз және сымды (2) ажыратыңыз.



3. Сым қақпағын (1) және есік қақпағын (2) алып тастаңыз.



4. Топсаны алып тастаңыз және топсадан топса корпусын алып тастаңыз. Сымдарды топса корпусынан шығарып алыңыз.




5. Есікті жоғары тік көтеру арқылы тоңазытқыш есігін ортаңғы топсадан мұқият шығарып алыңыз.




Есік ауыр, оны алу кезінде өзіңізді абыялаңыз жарақаттап алудан сақ болыңыз.

6. Ортаңғы топсаны бөлшектеңіз.




7. Есікті жоғары тік көтеру арқылы мұздатқыш есігін төменгі топсадан мұқият шығарып алыңыз.




Есік ауыр, оны алу кезінде өзіңізді жарақаттап алудан сақ болыңыз.


8. Тоңазытқышты мұқият қойыңыз. Төменгі топса мен аяқтың қалпын ауыстырыңыз.



9. Тоңазытқыш пен мұздатқыш есігінің төменгі оң жағындағы бұранданы алып тастаңыз. Есік тіреуішін (1), тығыздағыш сақинаны (2) және кронштейнді (3) оң жақтан солға ауыстырыңыз.




10. Тығыздағыш сақинаны және бұрандалардың қалпын ауыстырыңыз.




Жұмыс барысында жарақат алудан сақ болыңыз.


11. Мұздатқыштың есігін орнына мұқияттылықпен қойыңыз. Ортаңғы топсаны жинақтаңыз.



12. Жоғарғы топса білігін ажырату үшін 11 мм гайка кілтін пайдаланыңыз. Жоғарғы топсаны бұрап, жоғарғы топса білігін босатып алыңыз.





13. Тоңазытқыш есігін орнына мұқияттылықпен салып, топсаны жинақтаңыз.




орнату_15

14. Топса корпусын топсаға бекітіңіз. Топса қақпағының астында болатын сол жақ топса корпусын пайдаланыңыз).



Теріс




Дұрыс




Есіктің тетігін оң жақ топсадан алып, сол жақ топсаға салып орнатыңыз.

Есік тетігінің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін, тетіктегі кодтың нөмірін жоғары қаратып салу керек.

15. Сым қақпақтарын (①) және есік қақпағын (②) жинақтаңыз.



16. Сымдарды жалғап, топса қақпағын жинақтаңыз.




16_ орнату

17. Тұтқаларды сол жақтан оң жаққа ауыстырыңыз.



18. Тоңазытқыш пен мұздатқыш есігі аралық қабаттарын бөлшектеп, оларды 180° бұрышпен айналдырғаннан кейін бекітіңіз.



ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ТҮЗУЛЕ

Құрылғының алдыңғы бөлігі артқы бөлігіне қарағанда айтарлықтай жоғары тұрса, есікті ашып-жабу оңайырақ болады.


Биіктігін жоғарылату үшін реттеуіш аяқтарын сағат тілі бойынша, керісінше төмендету үшін сағат тіліне қарама-қарсы етіп бұраңыз.

1-жағдай Құрылғы сол жаққа қарай қисайып тұр.

- Сол жақ реттегіш аяқтарын құрылғы түзуленгенше көрсеткіш бағытымен бұраңыз.


2-жағдай Құрылғы оң жаққа қарай қисайып тұр.

- Оң жақ реттегіш аяқтарын құрылғы түзуленгенше көрсеткіш бағытымен бұраңыз.



Тоңазытқышпен жұмыс істеу

БАСҚАРУ ПАНЕЛІН ТЕКСЕРУ



Түйме басылғаннан кейін қысқа дыбыс естіледі.

1 Тоңазытқыш

Тоңазытқышты 1 °C мен - 7 °C арасындағы қалаған температураға орнату үшін "Тоңазытқыш" түймесін басыңыз. Әдепкі мәні бойынша температура 3 °C мәніне орнатылады. "Тоңазытқыш" түймесі басылғаннан кейін температура келесі тәртіппен өзгереді және температура көрсеткіші қалаған температурны көрсетеді.

(А, В ТИПТІ)	3 °C 2 °C 1 °C 7 °C 4 °C 5 °C 6 °C
(С ТИПТІ)	3 °C 2 °C 1 °C 5 °C 7 °C

Демалыс функциясын іске қосу үшін түймені 3 секунд басып тұрыңыз. (А ТИПТІ)

2 Мұздатқыш

Мұздатқышты 17 °C мен - 23 °C арасындағы қалаған температураға орнату үшін "Мұздатқыш" түймесін басыңыз. Әдепкі мәні бойынша температура -20 °C мәніне орнатылады және "Мұздатқыш" түймесі басылғаннан кейін температура келесі тәртіппен өзгереді және температура көрсеткіші қалаған температурны көрсетеді.

(А, В ТИПТІ)	-20 °C -21 °C -22 °C -23 °C -19 °C -18 °C -17 °C
(С ТИПТІ)	-20 °C -21 °C -23 °C -19 °C -17 °C

Жылы тамақты сақтауға қою немесе есіктің жиі ашылуына байланысты тоңазытқыш немесе мұздатқыш бөліктеріндегі

температура күрт артқан жағдайда тоңазытқыштың немесе мұздатқыштың температура көрсеткіші жыпылықтайды. (Тоңазытқыш немесе мұздатқыш температурасы қалыпты күйге келгенде тоңазытқыштың немесе мұздатқыштың температура көрсеткіші жыпылықтауды тоқтатады. Егер температура көрсеткіші бірнеше сағаттан кейін жыпылықтауды тоқтатпаса, қызмет көрсету орталығымен хабарласыңыз. Қатты мұздату функциясын іске қосу үшін осы түймені басыңыз. Қатты мұздату көрсеткіші

(❄) жанады және тоңазытқыш мұздатқыштағы өнімдерді мұздату уақытын жеделдетеді. Бұл функция 50 сағатқа іске қосылады және мұздатқыш көрсеткіші -23 °C мәнін көрсетеді. Бұл функция автоматты түрде өшеді. Қатты мұздату процесі аяқталған кезде Қатты мұздату функциясы өшіп, мұздатқыш алдыңғы температура параметріне оралады. Бұл функцияны пайдаланған кезде қуат тұтыну артады. Бұл функцияны өшіру үшін "Мұздатқыш" түймесін 3 секунд басыңыз.

Егер мұздатқышта көп көлемді азық-түлікті мұздатқыңыз келсе, Қатты мұздату функциясын 20 сағат бұрын іске қосыңыз.

3 Дабыл

1. Есіктің ескерту сигналы

Есіктің ескерту сигналын іске қосу үшін осы түймешікті басыңыз. Егер тоңазытқыштың есігі 2 минуттан артық ашық қалса, ескерту индикаторы (❗) жанып, дыбыстық сигнал естіліп, есіктің ашық тұрғанын ескертеді. Осы функцияны ажырату Ескерту түймешігін қайта басыңыз.

2. Температураны ескерту

((А, В ТИПТІ) басқару панелі үлгілері үшін)

Температураны ескерту сигналын іске қосу үшін осы түймешікті басыңыз. Ескерту индикаторы (❗) жанады. Егер тоқ сөніп қалып, мұздатқыш бөлік тым жылып кетсе, бейнебетте "—" белгісі жыпылықтайды. Мұздатқыш түймешігі басылған кезде, мұздатқышта қалыптасқан "сң жылы температура" бейнебетте бес секунд жыпылықтайды. Содан кейін ағымдық температура көрсетіледі. Температураны ескерту функциясын ажырату Ескерту түймешігін қайта басыңыз. Бұл ескерту келесі жағдайларда іске қосылуы мүмкін:

- құрылғы іске қосылған кезде
- мұздатқыш бөлік тоқ сөніп қалғанға байланысты тым жылып кетсе

4 Салқын таңдау аумағы

Жылдам салқындату (❄️)

- Егер азық-түлікті жылдам салқындатқыңыз келсе, оны салқындату деңгейін таңдау аймағына қойып, жылдам салқындату режимін таңдаңыз.
- Салқындату деңгейін таңдау аймағы азық-түлікті 60 минут суытады.
- Жылдам салқындату режимі уақыты аяқталғанда, Салқындату деңгейін таңдау аймағының жәшігі Салқын режиміне автоматты түрде өтеді.

Нөл аумағы (0°C)

- Нөлдік аймақ режимі таңдалған кезде Салқындату деңгейін таңдау аймағының температурасы 0 °C мәніне орнатылады.
- Аса тез бұзылатын азық-түліктерді сақтау үшін Қатыру функциясын іске қосыңыз.

Салқын (❄️)


- Салқын режимін таңдаған кезде Салқындату деңгейін таңдау аймағының температурасы 3 °C мәнінде орнатылады.

5 Smart Eco

- Бұл белгі (🌿) тоңазытқыш оңтайландырылған қуат тиімділігімен іске қосылған жағдайда жанады.
- Қосымша бақылаусыз ол ішкі және сыртқы температураны анықтайтын көптеген датчиктер арқылы азық-түлікті жаңа күйінде автоматты түрде сақтайды және қуат тұтынуды барынша азайтады.

6 Демалыс

Демалыс функциясын іске қосу үшін “Демалыс” түймесін басыңыз. Демалыс көрсеткіші (🌙) жанады және сіз ұзақ демалысқа не іскери сапарға шығатын жағдайда немесе тоңазытқышты пайдалану қажеттігі болмаған кезде тоңазытқыш температурасы 15 °C мәніне орнатады. Демалыс функциясы іске қосылу болғанда мұздатқыш бөліктері қосылу сақталады. Демалыс функциясы қосылу болғанда тоңазытқыш температурасы реттелген жағдайда демалыс функциясы автоматты түрде өшеді. Демалыс функциясын пайдалану алдында тоңазытқыштағы тамақтың алып тасталғанына көз жеткізіңіз.



- Су сауыты, Мұз жасағыш, Шарап сөресі, Салқын бөлік, Салат қорабы, Салқындатуды таңдау аумағы, бөлгіштер тәрізді кей функциялар әр үлгіде әр түрлі болуы және кей үлгіде болмауы мүмкін.
- Мұздатқыштың ішіндегі орынды кеңейту үшін ①, ② -ші суырмалардан басқа суырмаларды және тіректерді алып қоюға болады. Бұл құрылғының жылу және механикалық қасиеттеріне әсер етпейді. Мұздатқыштың тағам сақтау сыйымдылығы, осы тартпапар алынып тұрғанда есептелген.



- Жемістер немесе көкөністер салқын бөлмеде мұздап қалуы мүмкін. (опция)
- Бұл өнімнің ең оңтайлы қуат тиімділігіне қол жеткізу үшін барлық сөрелерді, жәшіктерді және себеттерді суретте көрсетілгендей бастапқы орындарында қалдырыңыз.

МҰЗ ЖАСАУ

1. Науаны 80%-ға дейін сумен толтырыңыз.
2. Мұз науасын жоғарғы мұздатқыш жәшігіне орналастырыңыз.
3. Мұз кубиктері пайда болғанша күтіңіз.
4. Мұз кубиктерін шығарып алу үшін мұз науасын баппен қысыңыз.



Мұздату уақыты

Мұз кубиктері қатқанша температураны Қатты мұздату режиміне қойып, 1-2 сағат күту ұсынылады.




АБАЙЛАҢЫЗ

Жарылу қаупі

- Тоңазытқыштың ең салқын бөлігі – оның артқы панелі. Бұл – нәзік азық-түлікті сақтауға ең оңтайлы орын.
- Сұйықтық құйылған шыны бөтелкелерды мұздатқышқа қоюға мүлдем болмайды, себебі ішіндегі сұйықтық қатқан кезде шыны сынуы мүмкін.

ЖЫЛЖЫМАЛЫ СӨРЕНІ ПАЙДАЛАҢУ (ҚОСЫМША)

Бұл сөрені толығымен жинап тастауға болады, бұл оған көлемді азық-түліктерді қиналмай салуға мүмкіндік береді.



1. Сөрені көтеріңкіреңіз де итеріп жабыңыз.
2. Орнынан қозғалған сөрені пайдалану үшін осы әрекеттерді кері тәртіппен орындаңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Сөре тоңазытқыштан құлап кетуі мүмкін, сондықтан оны пайдаланған және тазалаған кезде абай болыңыз.

СУ ДИСПЕНСЕРІН ПАЙДАЛАҢУ (ҚОСЫМША)

Суға толтыру

Су ыдысын тоңазытқыш ішінде қалдыра отырып немесе шығарып алып, суға толтыруыңызға болады.




1-әдіс

Суды су ыдысының үстіңгі бөлігіндегі саңылау арқылы толтырыңыз. Егер суды тым жылдам құятын болсаңыз, су тасып кетуі мүмкін.

2-әдіс

1. Су ыдысы қақпағын алып тастау үшін су ыдысының екі жағындағы құлыпты алып тастаңыз.
2. Су ыдысын суға толтырыңыз.



Су ыдысына судан басқа ештеңе АБАЙЛАҢЫЗ салмаңыз.

- Су ыдысын бірінші рет толтырғанда су тамшылап тұрса, ыдысқа қайта шамамен 500 мл су құйыңыз.

Диспенсерден су алу

Су шығысы астына стакан қойып, оны стаканмен су диспенсері білігіне қарай итеріңіз.




- Диспенсер шашырауына жол бермеу үшін стаканның диспенсермен сәйкес тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Су диспенсері үлгіге байланысты болмауы мүмкін.

ІШКІ БӨЛІКТЕРДІ АЛЫП ТАСТАУ

Сөрелер


Сөрелерді екі қолмен мұқият көтеріп, өзіңізге қарай тартыңыз. (Шыны сөре/жиналмалы сөре)



Есік қорғауыштары


Есік қорғауыштарын алып тастау үшін оны екі қолмен тік ұстап, баппен жоғары көтеріңіз.

Пайдалану _19



Су ыдысы


Су ыдыстарын алып тастау үшін оны екі қолмен тік ұстап, оны өзіңізге қарай жоғары көтеріңіз.



 Су диспенсері үлгіге байланысты болмауы мүмкін.

Жәшіктер

Жәшіктерді алып тастау үшін жәшікті толығымен тартып, аздап жоғары көтеріңіз. (Жаңа күйінде сақтау бөлімі жәшігі, салқындату деңгейін таңдау аймағы, мұздатқыш жәшіктері)



ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ТАЗАЛАУ

 **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ** Тазалау үшін бензин, еріткіш немесе Слогох™ өнімдерін пайдалануға болмайды. Олар жабдықтың бетіне зақым келтіріп, өрт қаупін тудыруы мүмкін.

 **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ** Тоңазытқыш қосулы болғанда оған су бүрікпеңіз, бұл электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.

Өрт қаупін тудыруы мүмкін болғандықтан, тоңазытқышты бензинмен, еріткішпен немесе автомобиль тазалау құралымен тазартуға болмайды.

 **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ** Нейтралды жуғыш затты қолданып жұмсақ шүберекпен тазалаңыз.

ЖАРЫҚ ДИОД ШАМЫН АУЫСТЫРУ



Сыртқы және ішкі жарық диод шамы өшкен кезде шам қақағы мен жарық диод шамын өз бетіңізше бөлшектеуге болмайды.

 Қызмет көрсету қызметкерлеріне хабарласыңыз.

Ақаулықтарды жою

АҚАУЛЫҚ	ШЕШІМ
Құрылғы мүлдем жұмыс істемейді немесе температурасы тым жоғары.	• Қуат алу шнуры айырының дұрыс қосылғандығын тексеріңіз. • Алдыңғы панельдегі температураның дұрыс белгіленгендігін тексеріңіз. • Құрылғының күн сәулесі тікелей түсетін жерде немесе жылу көзінің жанында орналаспағандығын тексеріңіз. • Құрылғының қабырғаға тым тақап қойылмағандығын тексеріңіз.
Тоңазытқыштағы азық-түліктер үсіп кетеді.	• панельдегі температураның тым төмен еместігін Алдыңғы тексеріңіз. • Бөлмедегі температураның тым төмен еместігін тексеріңіз.
Іске қосылып тұрған кезде біртүрлі дыбыстар шығады.	• Құрылғының мықты әрі түзу жерге орнатылғандығына көз жеткізіңіз. • Құрылғының қабырғаға тым тақап қойылмағандығын тексеріңіз. • Құрылғының артына немесе оның астына бөгде заттардың түсіп кетпегендігін тексеріңіз. • Компрессордың әсерінен шу шығып тұрма, тексеріңіз. • Құрылғының әртүрлі бөліктері тарылған немесе кеңейген жағдайда тықылдаған дыбыстар шығады.
Құрылғының алдыңғы бұрыштары мен қапталдары жылы және ол жерлерде су тамшылары жинала бастайды.	• Конденсатты болдырмас үшін құрылғының алдыңғы бұрыштарында жылу ұстағыш түтіктер орнатылған. Сыртқы температура жоғары болған жағдайда олар әрдайым тиімді бола бермейді. Соған қарамастан, мұнда тұрған ештеңе жоқ. • Ауадағы ылғал салқын жермен әрекеттескенде конденсат пайда болады.
Құрылғыдан сұйықтықтың сылдырлаған дыбыстары естіледі.	• Бұл құрылғының ішкі бөлігін салқындатып жатқан хладагент.
Құрылғының ішінен жағымсыз иіс шығады.	• Тоңазытқышта бұзылған тағамдардың жоқтығын тексеріңіз. • Балық тәрізді иісі ерекше шығатын тағамдардың мықтап оралғандығын тексеріңіз. • Тоңазытқышты бұзылған тағамдардан үнемі тазартып отырыңыз.
Құрылғының қабырғаларында қыраулы қақ пайда болды.	• Сақталынған азық-түліктер желдеткіш тесіктерін жауып қалмағандығын тексеріңіз. • Тағамдарды құрылғының желдеткішіне кедергі келтірмейтіндей етіп орналастырыңыз. • Есіктің мықтап жабылғандығын тексеріңіз.
Құрылғының ішкі қабырғасында және онда сақталып тұрған көкөністерде конденсат пайда болады.	• Бұл, егер құрылғыда құрамында сұйықтығы көп азық-түліктер тиісті түрде қапталмай салынса немесе есік тым ұзақ ашық тұрған жағдайда болады. • Азық-түліктерді қаптамасымен немесе герметикалық ыдыспен сақтаңыз.

Circuit diagram



memo

Қоршаған орта температурасына шектеу

Бұл тоңазытқыш/мұздату камерасы зауыттық кестесінде көрсетілген оның температуралық класына сәйкес келетін қоршаған орта температурасында жұмыс істеуге арналған.

Класы	Белгі	Қоршаған орта температурасы (°C)
Кеңейтілген қалыпты	SN	10-нан 32-ге дейін нөлден жоғары
Қалыпты	N	16-дан 32-ге дейін нөлден жоғары
Субтропикалық	ST	16-дан 38-ге дейін нөлден жоғары
Тропикалық	T	16-дан 43-ке дейін нөлден жоғары



Тоңазытқыштың ішкі температурасына тоңазытқыштың/мұздату камерасының орналасқан жері, қоршаған орта температурасы және тоңазытқыш есігін ашу жиілігі сияқты факторлар әсер етуі мүмкін. Бұл факторлардың әсерінің орнын толтыру үшін қажетті температураны белгілеп қойыңыз.

Құрылғыны қоқысқа дұрыс тастау

(Қоқысқа тасталатын электр және электроника құрылғысы)

(Жеке қоқысқа тастау жүйесін пайдаланатын елдерге қатысты)

Өнімдегі, оның керек-жарақтарындағы немесе ілесіп кітапшасындағы белгі, осы өнім мен оның электроникалық керек-жарақтарын (мысалы, зарядтағыш құралы, құлақпабы, USB сымы), қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамау керек дегенді білдіреді. Қалдық дұрыс тасталмаған жағдайда қоршаған орта немесе адамдардың денсаулығына келетін зиянның алдын алуға және материалдық ресурстарды қайтадан қажетке жаратуға өз үлесіңізді қосу үшін бұндай заттарды басқа қоқыс түрлерінен бөлектеп, қалдық өнімдерді қайта өңдеуден өткізетін жерге апарып тапсырыңыз.

Тұрмыстық құрылғыны қолданушылар, осы заттарды қоршаған ортаға залалсыз түрде қайта өңдеуден өткізу үшін осы құрылғыны қайда апарып тапсыру, қалай тапсыру туралы егжей-тегжейлі ақпаратты, осы өнімді сатып алған бөлшек сауда орталығына немесе жергілікті мекемеге хабарласып алуына болады.

Коммерциялық мақсатта қолданушылар, өз жабдықтаушыларына хабарласып, сатып алу келісім-шартының талаптарымен танысуы керек. Осы өнім мен оның электроникалық керек-жарақтарын басқа да коммерциялық өнімдердің қалдықтарымен араластырып тастауға болмайды.

Kazakhstan



050000, 31 Nauryzbay Batyr Str., Almaty,
Republic of Kazakhstan
Tel : 8-10-800-500-55-500(GSM : 7799)
www.samsung.com
Fax : +7-727 321-13-12



DA99-03417R-26